

**Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 3, № 6 және № 15 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 21 ақпандағы № 148 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 наурызда № 2877 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 545 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 30.05.2014 № 545 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағы негізінде, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 3, № 6 және № 15 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімі аппаратының басшысы **Б. Құсниевқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Айдарбеков*

**К Е Л І С І Л Д І :**

Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы (келісім бойынша) **А. Абдолов**  
12 ақпан 2014 ж.

Қ а л а л ы қ ә к і м д і к т і н

2014 жылғы 21 ақпандағы № 147

қаулысына қосымша

**Атырау қалалық Мәслихаты депутаттығына № 3, № 6 және № 15 сайлау округтері бойынша кандидаттар үшін Атырау қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары**

| № | Орналасқан жері   | Ескерту  |
|---|---|--|
| 1 | Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы "Дина" базары маңындағы) бойындағы стенд        | № 3 және № 6 сайлау округтері бойын кандидаттар үшін |
| 2 | Атырау қаласы, "Тұрғын үй қалашығы" шағын ауданы, соңғы аялдама маңындағы стенд | № 15 сайлау округі бойынша кандидат үшін             |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК